

**ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы жергілікті қазақ элитасы және оның трансформациясы (Ақтөбе өңірінің материалдары негізінде)**

Гульбану Б. Избасарова<sup>1</sup>, Асылбек Т. Мәден<sup>2</sup>

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**\*Корреспонденция үшін автор: assylbek\_maden@mail.ru**

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0002-4123-7501>

<sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-29-50

**Аңдатпа.** Мақалада ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы жергілікті қазақ элитасының қоғамдық-саяси қызметі мен оның трансформациясы қарастырылған. 1860-1890 жылдардағы әкімшілік-саяси реформалардың нәтижесінде Орынбор өлкесінің қазақтарында жаңа әкімшілік бөлініс енгізіліп, жергілікті басқару негізінде болыс басқарушысы, ауыл старшындары сынды лауазымды билік өкілдері енгізілді. Мақалада осы болыс басқарушысы мен ауыл старшындарының функционалдық қызметі мен міндеттері «Ережелер» баптары негізінде талданады.

Авторлар осы ХІХ ғасырдың 60-90 жылдардағы ережелердің негізінде халықтық сот, болыстық молда қызметтерінің енгізілуін де қарастырып, ол өзгерістердің қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарға, оған қатысушы билер мен дін өкілдерінің қызметі мен мәртебесіне ықпал етуін зерделейді. Сол сияқты мақалада байлар институтының аталмыш кезеңдегі трансформациясы жеке талданады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жергілікті қазақ элитасының құрамына болыстар мен ауыл старшындарынан басқа халықтық сот қызметін атқарған билер, болыстық молдалар, байлар, ақсақалдар, басқа да игі жақсылар жатады. Бұлардың барлығы қоғамда бедел мен ықпалға ие тұлғалар болды. Уақыт өте болыс басқарушысы мен ауыл старшындары қазақ қоғамына сіңісіп, оның әлеуметтік құрылымының ажырамас бір бөлігіне айналды. Біз қарастырып отырған кезеңде аталған жергілікті элита өкілдерінің қоғамдағы қызметі мен болмысы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Осы трансформациялық үрдістер мақалада жан-жақты зерделенеді.

Қорытындыда авторлар жергілікті қазақ элитасының трансформациясына қатысты бірқатар бастапқы түйіндер келтіреді: 1. Жергілікті қазақ элитасы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының негізгі діңгегін құрады. Ықпалды болыстар, билер, діни қайраткерлер, байлар, ауыл ақсақалдары өзара байланыса әрекет жасап, халықтың түйіткілді мәселелерін шешуді жалғастырды; 2. Жаңа реформа негізінде бекітілген болыс басқарушылары да уақыт өте қазақ қоғамымен қабылданып, саяси-қоғамдық өмірдегі басты лауазымды тұлғаға айналды; 3. Жергілікті қазақ элита өкілдері аталған кезеңде әлеуметтік мәртебесі мен саяси ықпалдылығы жағынан трансформацияға ұшырады. Патша үкіметі сайланбалы лауазымдар, түрлі шектеулер енгізу арқылы қазақ билерінің, байларының, дін өкілдерінің, басқа да игі-жақсыларының беделі мен халық арасындағы қызметін шектеуге тырысты. Кеңес үкіметінің орнауымен қазақ халқы мен элита өкілдерінің мал-мүлкіне шабуыл жасалып, олардың қоғамдағы беделі мен мәртебесіне соққы жасалды.

**Түйін сөздер:** реформа; элита; сұлтан; болыс; старшын; бай; би; ишан; хазірет; молда; трансформация.

Received 31 March 2022. Revised 04 April 2022. Accepted 15 May 2022. Available online 30 June 2022.

**For citation:**

Izbassarova G.B., Maden A.T. The local kazakh elite in the second half of the XIX century and the beginning of the XX century and its transformation (based on the materials of Aktobe region) // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 139. – №. 2. – С. 29-50. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-29-50

**Для цитирования:**

Избасарова Г.Б., Маден А.Т. Казахская региональная элита второй половины XIX-начала XX в. и ее трансформация (по материалам Актюбинского региона) // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 139. – №. 2. – С. 29-50. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-29-50

### Кіріспе

Дәстүрлі қазақ қоғамының әр кезеңде елдік, аймақтық және жергілікті деңгейдегі элитасы болды. Патшалық Ресей үкіметінің отарлық саясаты тереңдеп, жаңа реформалары іске қосылған сайын қазақтың элита топтары ел басқару, қоғамға ықпал ету мүмкіндіктерінен айырылды. Олар жоспарлы түрде биліктен шеттетілді.

1868 жылы 21-қазанда бекітілген «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже» бойынша Орынбор өлкесі қазақтарының территориясында Орал, Торғай облыстары құрылып, жаңа әкімшілік бөлініс іске қосылды. Осы «Уақытша ереже» бойынша басқарудың жаңа жүйесі енгізіліп, оның облыстық және уездік басқарудан тұрған жоғарғы звеносы, болыстық және ауылдық басқарудан құралған төменгі звеносы құрылды. Жаңа басқару жүйесі бойынша болыстар мен ауылдарды басқару қазақтарға беріліп, жергілікті басқаруға ерекше көңіл бөлінді. Бұл реформаның басты ерекшелігі сұлтандар сословиесінің айрықша мәртебесінің жойылып, жергілікті басқару лауазымдарына бұқара халық өкілдерімен бір қатарда сайлануы болды.

Сонымен 1868 жылғы «Уақытша ереже» бойынша жергілікті қазақ элитасының құрамында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Мемлекеттік-бюрократиялық қағидаттар бойынша болыс басқарушылары, ауыл старшындары, халықтық соттар,

болыстық молдалар сынды лауазымды тұлғалар пайда болды. Олардан басқа ресми лауазымды тұлға болмаса да халық арасында беделі мен ықпалы бар билер, дін өкілдері, аузы дуалы ақсақалдар, байлар осы жергілікті қазақ элитасының негізін құрады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында жергілікті қазақ элитасы қоғамдағы рөлі мен қызметі жағынан айтарлықтай трансформацияға ұшырады. Аталмыш кезеңде отарлық әкімшілікке қызмет еткен болыс басқарушысы, ауыл старшындарының қызметін бақылау тетіктері күшейтілумен болды. Ал халықтық сот, болыстық молда сынды лауазымды тұлғалардан басқа жергілікті халыққа қызмет еткен билердің, ауыл ақсақалдарының, дін өкілдерінің, байлардың, т.б. беделді тұлғалардың қызметі қатаң бақылауға алынды. Бұл тұрғыда патша үкіметі халықпен етене жақын осы элита өкілдерінің беделі мен ықпалын түрлі айла-амалдармен шектеуге тырысып бақты. Сайланбалы билер мен молдалардың бекітілуі сол саясаттың бастамасы болды.

Дегенмен, қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымы күштеп өзгеретіліп, оған қатысушы элита өкілдерінің ықпалы мен рөлі шектелгенмен, олардың қызметінің сапасы мен тиімділігі төмендей қоймады. Қоғамдағы барлық әлеуметтік топтар өзінің күнделікті қызметін жалғастырды. Билер сайланбалы болғанмен халық билер сотына

жүгінуді тоқтатпады, әр болысқа бір молда сайланғанмен ауыл-ауылдағы молдалар, тағы басқа дін қайраткерлері рухани-ағартушылық қызметін тоқтатпады, сайланбалы болыстар және ауыл старшындары жергілікті беделді тұлғалардың, ауыл ақсақалдарының пікірін ескере отырып, шешім қабылдады. Өйткені, олар халық өкілдері болатын және олардың айтқаны қалың бұқараның талап-тілегі еді. Міне, осылай патшалық заман аяқталып, кеңес үкіметі орнағанға дейін жалғасты. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін аталмыш жергілікті элита өкілдеріне, олардың ықпал-беделі мен мал-мүлкіне шабуыл басталды. Бұл мақаламызда жергілікті элитаның қызметі тарихының осы және басқа да өзекті мәселелерін қарастыратын боламыз.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау барысында дерек ретінде 1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже», 1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже» мәтіндері, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві құжаттары, Ақтөбе облысының Ырғыз, Алға аудандарына жасалған экспедиция материалдары пайдаланылды. Аталған «Ереже» баптары бойынша болыс басқарушысы, ауыл старшыны, халықтық сот, болыстық молда сынды бекітілген лауазымды тұлғалардың қызмет аясы, олардың құқықтары мен міндеттері, олардың уақыт өте өзгеріске түсуі зерттелді.

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымында қалыптасқан тарихилық, ғылымилық, объективтілік, жүйелілік қағидалары басшылыққа алына отырып, ретроспективалық шолу, салыстырмалы талдау, деректің шынайылық деңгейін анықтау, интервью алу әдістері пайдаланылды.

### Талқылау

Отандық тарихнамада соңғы кезеңде дәстүрлі билер, байлар институты, дін өкілдері тобы, патша үкіметінің реформалары арқылы бекітілген жаңа лауазымды тұлғалар болыс басқарушылары, ауыл старшындары, халықтық соттар, болыстық молдалар және олардың қызметі туралы тарихи зерттеулер, ғылыми мақалалар көптеп жарық көруде.

Біз қарастырып отырған болыс басқарушысы институты туралы Г.С.Сұлтанғалиеваның (Волости и волостные, 2018; Институт волостных, 2018), Т.Т.Далаеваның (Далаева, 2015; Далаева, 2016), Б.Маликовтың (Маликов, 2017) еңбектері жарияланған. Бұл зерттеулерде қазақ даласындағы болыс басқарушысы институтының қызметі, оның енгізілу тарихы, олардың ресейлік өкіметпен өзара әрекеттестігі, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы болыстардың сайлану және қызметке бекітілу ерекшеліктері, болыстық съездер, олардың өту барысы және шешімдері қарастырылып, Торғай облысының болыс басқарушыларының тізімі, оларға қатысты тарихи мәліметтер келтіріледі. Авторлар қазақ әдеби шығармашылығындағы болыс басқарушысының тарихи портретін ашуға да тырысқан.

Патшалық Ресей үкіметімен қазақ даласына енгізілген болыс басқарушысы институты өз дамуында үлкен трансформациялық кезеңдерден өтті. Отаршыл үкімет олардың қызметіне өздерінің саяси мүдделеріне сәйкес қажетті өзгерістер енгізіп, барынша пайдалы нәтижеге қол жеткізуге тырысты. Г.С.Сұлтанғалиеваның еңбегінде болыс басқарушысының қызметіне қатысты XX ғасырдың басында енгізілген осындай бір жаңашылдық талданады. Оның мақсаты болыстардың халық арасындағы беделін шектеп, оларды шаруа бастықтарына тәуелді ету болатын.

Болыс басқарушыларының орыс үкіметінің шенеуніктерімен қарым-

қатынасындағы шиеліністер XX ғасырдың басында Мемлекеттік Кеңестің сібірлік губернияларға қатысты болған «Шаруа бастықтары туралы уақытша ережені» Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарына тарату жөніндегі шешімді қабылдауымен (1902 жылдың 10-маусымы) тереңдей түсті. Осы заңға сәйкес Орал және Торғай облыстарының әрқайсысында 12-ден шаруа учаскелері құрылады. Сонымен бұл заңды енгізудің басты нәтижесі – болыстар мен ауыл старшындарының шаруа бастықтарының бақылауына берілуі болды.

Г.С.Сұлтанғалиеваның пікірінше осы кезеңнен шаруа бастықтары мен болыс басқарушыларының арасында теке-тірес пайда болып, ол уақыт өткен сайын күшейе түскен. Оның бір себебі, шаруа бастықтарының уезд бастықтарына қарағанда өздеріне қарасты болысты жылына 5-6 рет аралап шығуына мүмкіндігінің болуы және осы жағдайдың оларға қарамағындағы лауазымды тұлғалардың (болыс басқарушылары мен ауыл старшындары) қызметін қатаң бақылауға жол ашуы болды. Шаруа бастықтары көбіне өз өкілеттіліктерін асыра пайдаланып, болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын сайлау тәртібін бұзып отырған. Жалпы, қазақ халқының шаруа бастықтарының қызметін қабылдамағандығын және оларға негативті қарағандығын атап өткен жөн (Институт волостных, 2018: 34-35).

Болыстардың қызметі, олардың қоғамдағы орны мен рөлі сол замандағы қоғам жаршысы болған қазақ ақындарының да шығармашылығында көрініс тауып отырды. Мәселен, Шортанбай Қанайұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Сүйінбай Аронұлы сынды қазақ ақындарының шығармаларында болыстың қызметі қатаң сынға алынды. Оларға қатысты жағымсыз көзқарас негізінен сайлау барысының әділ өтпеуі, үміткерлердің болыс болу үшін бар малын шашып, тыраштануы, болыс болғаннан кейінгі олардың адам

танымастай өзгеріп кетуі сияқты теріс әрекеттерімен байланысты болды. Болыстардың осы дарақылығын ұлы ақын Абай Құнанбаев та өзінің «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың» атты өлеңдерінде, сондай-ақ 3, 8, 22, 37 қара сөздерінде сынға алады (Институт волостных, 2018: 68-82). Дегенмен, сол кезеңдегі болыстардың халыққа пайдалы қызметін, жанашырлығы мен мырзалығын жырлаған шығармалар да жоқ емес.

Қалай болғанда да болыс басқарушысының тұлғасы уақыт өте қазақ қоғамына сіңген, оның шаруашылығы мен әлеуметтік өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналды. Қазіргі отандық тарих ғылымының мақсаты болыс басқарушысы қызметінің күнделікті тарихын зерттеп, оның қазақ қоғамының басқа да әлеуметтік институттарымен ықпалдастығын, өзара әрекеттестігін айқындау болуы керек деп есептейміз.

Билер институтына келсек, бұл мәселе кеңестік және отандық тарихнамада жан-жақты зерттелген. Оған дейін-ақ, сонау XIX ғасырдың өзінде билердің қазақ қоғамындағы рөлі мен қызметіне Ш.Уәлиханов көңіл аударған еді. Ол өзінің «Соттық реформалар туралы жазбалар. Көне халықтық түрдегі билер соты» (Валиханов, 1984: 77-104) атты әйгілі еңбегінде билер институтының тарихи бағасын әділ айқындаған болатын.

Кеңестік кезеңде бұл мәселенің зерттелуіне Е.Бекмаханов елеулі үлес қосты. Е.Бекмаханов қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар мен элитаны құраған «сұлтан», «би», «батыр», «бай» сынды әлеуметтік категорияларға алғашқы болып жеке-жеке талдау жасады. Ол қазақ билеріне қатысты «Көшпелі қауымның қойнауынан сұлтандарға қарама-қарсы өсіп шыққан әлеуметтік үстем топ ру старшындары – билер еді. Сөз болып отырған кезеңде билер де қазақтардың арасында үстем жағдайға ие болды. Олар ерекше құқықтық және экономикалық артықшылықтарды пайдаланды» (Бекмаханов, 1994: 80) – деп,

олардың қазақ қоғамындағы рөлі мен мәртебесіне дәл баға береді.

Сол сияқты бұл уақытта М.Вяткин (Вяткин, 1998) мен С.Зиманов (Зиманов, 1958) та өз еңбектері арқылы билер институтының табиғатын жан-жақты ашып, көрсетуге үлес қосты. Аталған авторлар Ш.Уәлихановтан соң қазақтың билері мен қырғыздың манаптары арасындағы тарихи байланыстылық пен саяси-әлеуметтік біртектілікке арнайы назар аударды, билердің қазақ қоғамындағы рөлі мен мәртебесін терең зерттеп, ғылыми нәтижелерді толықтырды.

Көріп отырғанымыздай, қазақстандық тарихнамада билер институты айтарлықтай зерттелген мәселе болып табылады. Дегенмен, қазақ билері қызметінің ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы күнделікті тарихын, олардың қоғамдағы мәртебесі мен ықпалының өзгерісін, басқа әлеуметтік топтармен өзара әрекеттестігін, еліміздің аймақтарында өз ісімен және жанашырлығымен танымал болған атақты билердің қызметін зерттеу билер институтының табиғатын одан әрі түсінуімізге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Жоғарыда атап өткендей, Е.Бекмаханов байлар институтын да егжей-тегжейлі зерттеген ғалым. Ол өз еңбегінде бірінші болып сауда мен өсімқорлық пұлға қатысты істердің дамуы нәтижесінде байлардың жаңа түрінің қалыптасуын ғылыми негіздейді. Бұл жөнінде Е.Бекмаханов: «ХІХ ғасырдың ортасына қарай қазақтардың экономикалық өмірінде жаңа әлеуметтік топ – байлар көрнекті рөл атқара бастады... Қарастырылып отырған кезеңде «бай» деген сөз басқа бір әлеуметтік мән-мағынаға ие болған. Байлар сауда мен өсімқорлық ақшаға қатысты істердің дамуына байланысты ерекше қоғамдық топ болып қалыптасты. Қазақтар арасында ірі саудалық және өсімқорлық істермен айналысқан бірсыпыра бай-феодалдар пайда болды. Мысалы, Кіші жүздің шығыс бөлігін басқарушы сұлтан Жантөрин П.Небольсиннің айтуына қарағанда: «қазақтардан құралған едәуір

сауда компаниясының жарнашысы болды және өзіне 25 приказчик ұстады» (Бекмаханов, 1994: 106-107) – деп, жазады.

Ол одан әрі: «Сауда компаниясының мүшесі болған Күлімбаев деген қазақ та 10 приказчик ұстаған. Бұл байлар тек саудамен ғана айналысып қоймай, процент үшін басқаларға несиеге ақша беріп отырған. Сұлтан Ахмет Жантөринді наградаға ұсынуға байланысты оған мінездеме жазған Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы Ладыженский Азия департаментінің директоры Синявинге ол туралы: «Орданы батыс бөлігінде оның үлгісімен көпес, немесе арбакеш, немесе тұз тасушы болмаған бірде-бір дерлік қазақ жоқ. Ахмет сауда-саттықпен өзі де шұғылдана жүріп, жоғарыда аталған кәсіптердің қандайымен болса да айналысқысы келген әрбір қазаққа, әрине, өзі үшін едәуір тиімді жағдайда ақша беруге әзір тұрады» (Бекмаханов, 1994: 107) – деп, атап көрсетті.

Осы байлар институтын зерттеген Ө.И.Исеновтің еңбегінде байлардың ерекше әлеуметтік топ ретінде қазақ даласында қалыптасу тарихы баяндалады. Ө.И.Исенов та сауда-саттықтың дамуына байланысты ХІХ ғасырдың екінші жартысында байлардың жаңа түрінің қалыптасқандығын атап өтеді. Автор қазақ байларының ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әл-ауқатының өзгеру үдерісіне де көңіл аударады.

Ө.И.Исенов «сан мыңдаған үйірлі жылқысы бар соңғы байлар қазақ даласында ХІХ ғасырдың 30-жылдарында өмір сүрді» деп, есептейді. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының салдарынан дала өңіріне кірген берекесіздік, жазалаушы әскерлер мен көтерілісшілер арасындағы кескілескен қақтығыстар, дәстүрлі шаруашылықтың көші-қоны көшпенділік экономикасының біржола түбіне жетті. ХІХ ғасырдың 70-жылдарында Қазақстанды аралап көп саяхат жасаған В.В.Радлов: «Менің бұрынғы Жарғының қолданылуын қадағалауыма жеткілікті жағдайлар болды. Ол тәртіп орнатқан және қазақтармен көрші

тұратын отырықшы егіншілерді қорғауды камтамасыз еткен. Бірақ тәртіп орнатылуына байланысты халықтың әл-ауқаты төмендеген. Семей маңындағы толық бағындырылған Ішкі орда мүлдем дерлік күйзелген, сонымен бірге Үлкен ордаға жақындаған сайын халықтың байлығы арта түседі. XIX ғасырдың 20-жылдарындағы реформаның құны осындай болды» деген баға берді. Бұдан қазақ даласында көптеген қазақ байларының дәстүрлі шаруашылығын жүргізуден айырылуымен қоса, мал дәулетінен айырылған қазақ байларының күйзелуінің бастамасы болғандығын көруге болады (Исенов, 2022).

Сонымен байлар институты қызметінің тарихына арналған аталған тарихнамалық еңбектерде табыс көздері сауда-саттыққа негізделген байлардың жаңа түрінің қалыптасуы ғылыми түрде негізделді. Дегенмен бұл байлар мал шаруашылығымен айналыспады деген сөз емес. Керісінше мал сауда-саттықтың негізгі көзі болғаннан кейін, қазақ байлары оның санын көбейтуге тырысты. Осы жаңашылдықтардың өзі байлар қызметінің трансформациясының бір көрінісі болды. Қазақ байлары осы жаңа кәсіпті игеру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашты. Оларға қызмет еткен біраз қазақ күн көрісін дұрыстап, жаңа кәсіпті үйренді. Байлар институтына қатысты осы мәселелерді арнайы зерттеу сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық қатынастарын жіте түсінуге жол ашады.

Жергілікті қазақ элитасының ауызбіршілігін сақтап, қызметін үйлестіруде қазақ қоғамындағы діни қайраткерлердің рөлі зор болды. Соңғы жылдары отандық авторлар осы мәселеге айтарлықтай көңіл аударып келеді. Мысалы, Р.А.Бекназаровтың (Бекназаров, 2019: 145-150; Бекназаров, 2018: 21-29) еңбектерінде Ақтөбе облысының материалдарының негізінде осы діни қайраткерлердің қазақ қоғамындағы діни және ағартушылық қызметі талданады. Автор XIX – XX ғасырдың басында өмір сүрген Досжан ишан Қашақұлы, Марал ишан, Жұмағали ахун, Шерліғұл ишан,

Жетпістай ишан, Сары ишан, Ақ ишан, Нұрпеке хазірет, Ахмет халфе, Аманғали ахун сынды діни қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерделейді. Олардың барлығы халық арасында беделді, ықпалды, елді соңына ерте алатын адамдар болды.

Мысалы Досжан ишан (1812-1896) Батыс Қазақстан аймағындағы ірі діни қайраткерлердің бірі болды. Ол Кіші жүздегі Табын руынан Жетіру тайпалық бірлестігінен (Шөмішті табын – Қарақойлы – Қоңыр – Жанқара – Бекше – Баспан - Қашақ) тарады. Әкесі Қашақ молда болған адам. Досжан ишан Қашақұлы тек ғана Батыс Қазақстан емес, XIX ғасырдағы бүкіл Қазақстан аумағына танымал, белсенді діни қайраткерлердің бірі. Ол қазақ жеріне дінді таратып, осы батыс аймақта мешіт құрылыстарын жүргізуді ұйымдастырған адамдардың бірі болды. Меккеге қажылыққа барған алғашқы қазақтардың бірі ретінде саналады. Кейін Досжан ишан қазақтардың осы араб елдеріндегі киелі жерлерге қажылыққа бару ісін ұйымдастыру қызметімен айналысады, Меккеде Қазақстаннан қажылыққа барған мұсылмандар тоқтайтын «тәкия үйінің» құрылысын ұйымдастырушылардың бірі болды. Тіпті, арабтарға қазақтардың мұсылман екендігін дәлелдеп, «қазақ шежіресін» жасақтауға тікелей қатысты. Ал 1880 жылдары қазақтар үшін дербес муфтият ашу ісінде белсенді көшбасшылардың бірі болды. Шамамен 1875-1876 жылдары Досжан Мекке мен Мәдинаға қажылыққа барады, бірнеше мешіттер салған, оның бізге екеуі белгілі: Доңызтаудағы Қайнар деген жерде, және екіншісі Ойыл өзенінің жоғарғы ағысындағы Шилісу деген мекенде, қазіргі Шұбарқұдық поселкесінің маңы. Соңғы кешен Ишан ата деп аталады және хазіреттің соңғы тұрақтаған қонысы болды (Бекназаров, 2019: 147).

Осы қазақ қоғамындағы діни қайраткерлер маңызды қоғамдық-саяси қызмет атқарды. Олар қазақ қоғамын ұйыстыра отырып, оның негізгі құндылықтары мен дәстүрлерін сақтауға

күш салды. Сол үшін отаршыл үкіметтің саясатына қарсы әрекеттер ұйымдастырып, діни қайраткерлер әр уақытта қарсылық қозғалысының басы-қасының табылды. Міне, діни қайраткерлердің қызметінің осы қырларын зерттеу кезек күттірмейтін мәселе.

Біз қарастырып отырған жергілікті қазақ элитасы өкілдерінің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы трансформациясын зерттеуде оларға патшалық Ресейдің отарлық әкімшілігінің XIX ғасырдың екінші жартысында жүзеге асырған реформаларының типізген әсері мен салдарын айқындау маңызды мәселе болып табылады. Осы ретте, көшпелі қазақ қоғамының тіршілік ету, оның шаруашылықтық, әлеуметтік жағынан ұйымдасу ерекшеліктерін және әлеуметтік-экономикалық қатынастарын зерттеген тарихшы-ғалым Н.Ә.Масановтың келтірген ғылыми тұжырымдары құнды болып келеді. Автор аталған кезеңдегі әкімшілік-саяси қорытындылары мен салдарын талдай келе, олардың көшпелі қазақ қоғамының өмір сүруінің негізгі қағидаттарын өзгерте алмағандығын атап өтеді. Бұл жөнінде ғалым «патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген шаралары жалпы алғанда өндіріс тәсіліне, бірінші кезекте, малға деген меншік қатынасын өзгертпеді, сәйкесінше, көшпелі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дәстүрлі механизмі бұзылмады. Тек қоғамның әлеуметтік стратификациясына қатысты бір жаңалықты атап өтуге болады, яғни қауымнан тыс сословиелік-генеалогиялық қағидаттардың орнына мемлекеттік-бюрократиялық қатынастар маңызды мәнге ие болды. Алайда бұның өзі қоғамдық қатынастар жүйесіне айтарлықтай өзгеріс әкелмеді, өйткені малға деген меншік қатынасында доминанттық рөл сақталып қалды» (Масанов, 1995: 236-237) – деген маңызды қорытынды жасайды.

Сол сияқты Н.Ә.Масанов қазақтарға енгізілген жаңа мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесі туралы айта келе, «Ресей билігі арқылы бытыраңқылық үрдістер

еңсеріліп, көшпелі қазақ қоғамының мемлекеттік орталықтануы қамтамасыз етілді» - деген тұжырым жасайды. Әрине, бұл қорытындымен келісуге болады. Өйткені, бұдан былай қазақ халқы бір орталықтанған билікке бағынды, ру, ел арасындағы даулы мәселелерді бір уезд, болыс деңгейінде тез шешуге мүмкіндік туды, сол арқылы көшпелі қазақ қоғамының экономикалық дамуы үздіксіз қамтамасыз етілді.

Көріп отырғанымыздай, жоғарыда келтірілген зерттеулерде жергілікті қазақ элитасын құраған әлеуметтік категориялар жеке-жеке қарастырылады. Оларды тұтас алып, өзара әрекеттестігін, ықпалдастығын, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы трансформациясын кешенді қарастырған зерттеулер жүргізілмеген.

### Нәтижелер

1869 жылдан бастап Орынбор өлкесі қазақтарына 1868 жылы 21-қазанда бекітілген «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережеге» сәйкес жаңа әкімшілік құрылым мен жаңа басқару жүйесі енгізілді. «Уақытша ережеде» қазақтарды жергілікті басқаруға ерекше көңіл бөлінді. Жергілікті басқарудың төменгі буыны ретінде болыс басқарушылары мен ауыл старшындары қызметтері енгізіліп, олар қазақтардың «өзін-өзі басқару» жүйесіндегі жетекші лауазымдық тұлғаларға айналдырылды. Осылайша, «...патша үкіметі сұлтандардың артықшылық жағдайларын жойып, оларды қолдау саясатын тоқтатты. Патшалық қазақ даласында орыс әкімшілігін нығайта отырып, отарлық саясатын жүзеге асыруда енді болыстар мен старшындарды өзінің басты тірегіне айналдыруды көздеді» (Абендова, 2010: 25). Кейінгі кезеңде болыс басқарушылары мен ауыл старшындары жергілікті деңгейде маңызды қоғамдық-саяси рөл атқарды. Олардың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығындағы жергілікті қазақ элитасының құрамында қандай рөл атқарғандығын,

қоғамдық-саяси қыметінің қандай бағытта болғандығын бағамдау үшін аталған 1868 жылғы «Уақытша ереже» бойынша берілген саяси-құқықтық өкілеттіліктеріне талдау жасауды жөн көріп отырмыз.

«Уақытша ереже» бойынша болыс басқарушылары – болыстарды, ал ауыл старшындары – ауылдарды басқарды. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары сайлау арқылы тағайындалды (§63). Осы заңда болыс басқарушысы мен ауыл старшынын сайлау тәртібі, үміткерлерге қойылатын талаптар, оларды тағайындау және қызметтерінен алу, қызмет ету мерзімдері, атқаратын лауазымдық міндеттері, т.б. нақты көрсетілді. Болыс басқарушысы және ауыл старшыны лауазымына «халық құрметі мен сенімін иеленген, сотты боламаған, қылмыстық қудалауда жоқ, жасы 25-тен асқан адамдар үміткер бола алды» (§65) (Материалы по истории, 1960: 327). Көріп отырғанымыздай, бұл заң бойынша әлеуметтік шыққан тегіне қарамастан руластарының арасында ықпалды кез-келген қазақ болыс немесе ауыл старшыны болып сайлана алды. Екеуінің де қызмет ету мерзімі 3 жыл болып белгіленді.

«Уақытша ереже» бойынша болыс басқарушысына айтарлықтай өкілеттіліктер берілді. «Олар өз болысының аясында бүкіл сақшылық және басқарушылық билікті өз қолына шоғырландырды; болыста тыныштық пен тәртіптің сақталуын, әсіресе, барымтаның жасалмауын, заңдардың орындалуын, алым-салықтардың уақытылы төленуін, т.б. қадағалады» (§84). Болыс басқарушылары уезд бастығының тікелей бағынысында болып, олардың барлық бұйрықтарын орындап отырды (§85). Олардың міндеттеріне халықтық соттардың сот шешімдері мен қаулыларын орындату да жатады (§86). Сондай-ақ болыс басқарушылары өздерінің заңды талаптарын орындамағаны үшін және төбелес, сотқарлық сынды келеңсіз әрекеттері үшін адамдарды өз болысы аясында жауапкершілікке тартып, 3 күнге дейін қамауға алды немесе 3 рубльге дейін ақшалай айыппұл сала алды. Болыс

мұндай жазаны шені мен ордені бар адамдарға қолдана алмады, ондайларды уезд бастығына беріп отырды (§87).

Ауыл старшыны тікелей болыс басқарушысына бағынды және өзіне қарасты ауылда болыс атқарған барлық міндеттерді атқарды (§88). Ауыл старшыны өзінің бұйрықтарын орындамаған немесе заңға қайшы іс-әрекеттер жасағандарды болыс басқарушысының қарауына беріп отырды (§89).

«Уақытша ережеде» болыс басқарушысы мен ауыл старшынын сайлау тәртібі бүге-шүгесіне дейін айқындалды. Болыс басқарушысын сайлау үшін сайлауда оларға дауыс беретін әр ауылдың өкілдері – «сайлаушылар» енгізілді. «Сайлаушылар» ретінде әр 50 түтіннен бір адам таңдап алынды. Осы «сайлаушылардың» болыс деңгейінде өткен съезінде болыс басқарушысы және осы лауазымға үміткер адам сайланды. Сайлау кезінде артық шарға ие болған адам болыстыққа, ал одан кем шарға ие болған адам үміткерлікке сайланды деп есептелді. Сайлау уезд бастығының немесе оның көмекшісінің қатысуымен өтті, олар сайлау барысына араласпай, тек тәртіпті қадағалады. Жаңа сайланған болыс басқарушысы мен оған үміткерді әскери губернатор бекітті.

Әрбір ауылда 10 шаңырақтан бір сайлаушы сайланып, олардың жиынында ауыл старшыны мен оған үміткер сайланды (§70). Ауыл старшынын сайлау болыс басқарушысының қатысуымен өтеді, ол тәртіпті қадағалайды, оның сайлау барысына араласуына тыйым салынған (§71). Сайлау нәтижесінде артық шарға ие болған адам ауыл старшындығына, ал одан кем шарға ие болған адам үміткерлікке сайланды деп есептелді (§72). Ауыл старшындары мен оған үміткерлерді уезд бастықтары бекітті (§74) (Материалы по истории, 1960: 327-329).

Болыс басқарушылары мен ауыл старшындарына қызметтері үшін жалақы төленді. Оның көлемін «сайлаушылардың» болыстық съезі анықтады. Болыс басқарушысына және оған іс жүргізушіні



жалдау үшін 300 рубльден кем емес қаражат тағайындалады; болыстағы барлық ауылдық старшындарға болыстық сайлаушылардың шешімімен бірдей жалақы белгіленеді (§77). Сайлаушылардың болыстық съезінің жалақыға қатысты шешімін уезд бастығы бекітті (§78). Тағайындалатын жалақы көлемі болыстағы түтін санына, көшпелі халықтың төлем қабілетіне байланысты еді. Өйткені болыс басқарушысының жалақысы түтін алымынан жинақталған қаражаттан тағайындалды (§79).

«Уақытша ережеде» болыс басқарушысы мен ауыл старшынын қызметінен босату немесе уақытша шеттету тәртібі де қарастырылды. «Болыс басқарушылары өз қызметін дұрыс атқармай немесе теріс пайдаланған жағдайда уезд бастығының ұсынысымен губернатор оны қызметінен босатты. Ерекше жағдайда уезд бастығы губернаторға ескерте отырып болыс басқарушысын қызметінен уақытша босатуға құқылы болды» (§75). Ал ауыл старшындарын қызметінен алып тастау немесе уақытша шеттетеу құқығы уезд бастықтарына берілді (§76) (Материалы по истории, 1960: 328). Көріп отырғанымыздай, «Уақытша ереже» бойынша болыс басқарушылары мен ауыл старшындарына жергілікті деңгейде кең көлемді өкілеттіліктер берілгенімен, олар облыстарды басқарған әскери губернаторлар мен уездерді басқарған уезд бастықтарының бақылауында болды және соларға тікелей бағынды.

Кейінгі жиырма жылдан астам уақыт бойы болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының лауазымдық өкілеттіліктері өзгеріс қалды. Олардың қызметі 1868 жылғы «Уақытша ережемен» және ерекше жағдайларда әскери губернаторлар мен уезд бастықтары шығарған нұсқаулармен реттеліп отырды.

1891 жылы 25 наурызда бекітілген «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже» бойынша да болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының лауазымдық

өкілеттіліктері мен оларға қойылатын критерилер сол күйінде сақталып қалды. Жалпы бұл «Ереже» бойынша көшпелі халықты басқару жүйесінде айтарлықтай өзгерістер орын алған жоқ. Бұрынғысынша болыстар мен ауыл старшындары үш жылға сайлау арқылы тағайындалды. Болыс басқарушысы және ауыл старшыны лауазымына сот шешімі бойынша 7 күндік қамауда боламаған немесе 30 рубльдік айыппұл алмаған, қылмыстық қудалауда жоқ, жасы 25-тен асқан кез-келген адам сайлана алды (§64). Аталған лауазым иелерін сайлау жүйесі де айтарлықтай өзгеріске ұшырамады. Болыс басқарушылары мен оған үміткерлерді бұрынғысынша ауылдық съездерде сайланған сайлаушылар дауыс беру арқылы сайлады. Ал ауыл старшындары және оған үміткерлер ауылдық съездерде сайланды. Съезге ауылдағы шаңырақ иелерінің аз дегенде жартысы қатысып, дауыс берген жағдайда сайлау өтті деп есептелді. Бұрынғысынша болыс басқарушысы мен оған үміткерді әскери губернатор, ал ауыл старшыны мен оған үміткерді уезд бастығы бекітті. Екі лауазым иесіне де алым-салықтар есебінен жалақы төленді.

1891 жылғы «Ереженің» бір ерекшілігі онда аталған лауазым иелерін қосымша материалдық ынталандыру тетіктері қарастырылды. Мәселен Орал және Торғай облыстары бойынша ішкі істер министрінің қалауымен оларды ерекше ынталы қызметтері үшін ордендермен, медальдармен, бағалы халаттармен, басқа сый-сияпаттармен, ақшалай марапаттау мүмкіндігі болды (§86) (Материалы по истории, 1960: 391-393). Өлкедегі отарлық әкімшілік әрине мұндай әдіс-тәсілдерді өз мақсаттарына қол жеткізу үшін жиі қолданып отырды.

Сонымен болыс басқарушылары мен ауыл старшындары біз қарастырып отырған кезеңде жергілікті элитаның қолдарында ресми билігі бар басты өкілдеріне айналды. Олар жоғарыда атап өтілгендей аймақтық басқарудың жоғарғы сатысында тұрған әскери губернаторлар мен уезд

бастықтарына тікелей бағынышты болғанмен, өздерінің руластарының мүддесіне сәйкес қызмет етті. Уақыт өте дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы тұтас руды, оған кірген ауылдарды басқару жүйесі осы болыстар мен ауыл старшындары басқарған жаңа басқару жүйесіне тиімді трансформацияланды. Өйткені, көшпелі қазақ қоғамын дәстүрлі ұйымдастыру жүйесі, оның өмір сүру механизмдері бұзылмаған еді.

Жергілікті қазақ элитасының тағы бір өкілі – халықтық сот қызметін атқарған билер болды. 1968 жылғы «Уақытша ереже» бойынша қазақтардың әскери және империяның жалпы заңдары бойынша жұмыс істейтін соттарына жатпайтын барлық басқа қылмыстық және азаматтық істері билерден сайланатын халықтық сотта қаралатын болып белгіленді (§97). Халықтық соттың құрамына 4 тен 8 биге дейін сайланды. Билердің саны болыстағы түтіннің санына қарай айқындалды.

Халық арасында бедел мен сенімге ие, жасы 25-тен жоғары, сотталмаған әрі қылмыстық құдалауға ұшырамаған кез-келген адам би ретінде сайлана алды (§137). Сайланған биді губернатор бекітті, оларға жалақы төленбеді, бірақ істі шешкені үшін айыпталушыдан салт-дәстүрге сәйкес ерекше айыппұл (билік) алуға құқылы болды (§138). Билерді сайлау болыс басқарушыларын сайлаумен бір мезгілде, сол сайлаушылармен, сондай мерзімге және сондай тәртіптер негізінде өткізілді.

Дегенмен, билер соты да аймақтық басшылардың, бірінші кезекте уезд бастықтарының бақылауына қойылды. Уезд бастықтары мен губернаторлар билер сотының шешімін бекітпей, өзгертіп, қайта қарауға жібере алатын болды. Бұл тұрғыда аталмыш «Уақытша ережеде» «билер 300 рубльге дейінгі құндағы (15 жылқы, 150 қой) істерді шешеді, бірақ олардың шешімдері 30 рубльге дейінгі істер бойынша ақырғы шешім болып табылады» деп, нақты көрсетілді (§146).

Соған қарамастан бұл заң қазақтардың өз даулары бойынша басқа да билерге жүгінуге тыйым салмады. «Уақытша ережеде» бұл жөнінде «тараптар өздерінің даулы істерін шешу үшін өзара келісім бойынша бекітілген билерден басқа да өздері сенетін тұлғаларға жүгіне алады; ондай жағдайда ол тұлғалардың шешімі төрелік сот ретінде қандай сомаға болса да ақырғы шешім болып табылады» (§142) (Материалы по истории, 1960: 332-333) – деп, жазылған.

1891 жылғы 25-наурыздағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже» бойынша халықтық сот ретінде сайланатын тұлғалардың жасына қатысты өзгеріс орын алды. Бұдан былай халықтық сот ретінде жасы 30-ға толғандар ғана сайлана алды. Орыстың оқу орнынан курс бітіргендерге ғана 25 жастан сайлануға рұқсат етілді. Халықтық сот ретінде бұрынғысынша ел арасында құрмет пен беделге ие, сот шешімі бойынша жеті күндік қамауға немесе 30 рубльден аспайтын айыппұлға тең жазаға тартылмаған, қылмыстық құдалауда жоқ кез-келген адам сайлана алды (§113) (Материалы по истории, 1960: 395).

Көріп отырғанымыздай, патша үкіметі жалпыимпериялық соттарды енгізумен, олардың құзыретін кеңейтумен қатар сот органы ретінде билер сотын сақтап қалуға ұмтылды. Сонымен бірге, патша үкіметі билер сотын сақтай отырып, оның қызмет шеңберін шектеуге және тарылтуға тырысты. Сөйте тұра, патша өкіметі XIX ғасырдың 60-90 жылдары сот жүйесіне бірқатар жаңалықтар енгізе отырып, билер сотының қарауындағы іс жүргізудің маңызды тұстарын пайдалануды көздеді. Бір сөзбен айтқанда, патша үкіметі өзінің отарлық сипаттағы жаңашылдықтарын қазақ халқына енгізу ісінде билерді де пайдалануға тырысты. Өйткені, билердің халық арасындағы ықпалы мен беделі XIX ғасырдың екінші жартысына аяқ басар тұста әлсіремеген еді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында діни қайраткерлер – ишандар, ахундар, хазірет,

молдалар, қалпелер, қазылар, т.б. маңызды рөл атқарды. Өйткені, патриархалдық-рулық қатынасқа негізделген қазақ қоғамында әр уақытта діннің ықпалы күшті болды. Қазақтың әр ауылында жоқ дегенде бір молдадан болды. Осыдан-ақ қазақ қоғамындағы дін өкілдерінің санын шамамен бағамдай беруге болады. Діни қайраткерлер елді ұйытушы, элита өкілдерінің қызметін үйлестіруші, имандылық пен мұсылмандықты насихаттаушы, жастарды тәрбиелеу және ағартушылық қызмет атқарды.

Жалпы қазақ жерінде мұсылмандық, діни ағартушылық әсіресе XIX ғасырда ерекше гүлденді. Осы кезеңде арнайы және жоғары мұсылмандық діни білім алған қазақ діни қайраткерлердің саны бірнеше есе өсті. Олар XIX ғасырда мұсылмандық діни білім беру ерекше дамыған қазіргі Каир, Дамаск, Хиуа, Бұхара, Қазан, Уфа, Орынбор және т.б. қалаларда арнайы білім алып, діни атақтар алып келді. Елге келіп мешіттер ұстап, мешіттер жанындағы медреселерде бала оқытты, оларға түрлі бағытта ілім, білім берді.

Міне, XIX ғасырда, әсіресе оның екінші жартысында патшалық Ресей үкіметі осы діни қайраткерлердің ықпалын шектеу жолдарын қарастырды. Қазақ балаларына діни білім беруді шектеді, қазақтардың шет елде жоғары діни білім алуына, қажылыққа баруына шектеу қоя бастады, мешіттер салуға тыйым салды. Патша үкіметінің осы шектеулерінің барлығы 1968 жылғы «Уақытша ережеде» көрініс тапты.

«Уақытша ереже» бойынша әр болысқа бір молдадан ұстауға рұқсат етілді. Олар сайланбалы болды. Болыстық молдалар тек ғана орысқа бодан қазақтар арасынан сайланды. Үміткер дін істерін жақсы білетін, сотқа тартылмаған және қылмыстық қудалауда болмаған адам болуы шарт еді. Молдаларды әскери губернатор бекітті және қызметінен де облыстық басқарманың ұсынысымен губернатор босатты. Болыстық молдалар жалпы азаматтық басқаруға, олар арқылы – ішкі істер министрлігіне бағынды.

«Уақытша ереже» лауазымдық тұлға болса да болыстық молдаға ешқандай артықшылықтар бермеді. Молдалар тіпті қатардағы қазақтар сияқты алым-салықтар төлеп отырды (§257). Жоғарыда атап өтілгендей, бұдан былай мешіттерді генерал-губернатордың рұқсатымен ғана тұрғызуға мүмкін болды (§258). Мешіт жанынан мектеп ашу үшін және жергілікті халықты сауат ашуға оқыту үшін молда уезд бастығынан рұқсат алуға міндетті болды (§259) (Материалы по истории, 1960: 339-340).

XIX ғасырдың соңына қарай патша өкіметі діни қайраткерлердің қызметін шектеуді күшейтті. 1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже» бойынша бұрынғысынша әр болысқа бір молдадан ұстауға рұқсат етілді. Молдалар қазақтар арасынан сайланды. Жаңа сайланған молданы бекіту және оны қызметінен босату құқығы әскери губернаторға тиісілі болды. Мешіттерді тұрғызуға Ақмола, Семей және Жетісу облыстарында генерал-губернатор рұқсат берсе, ал Орал және Торғай облыстарында ішкі істер министрінің рұқсаты қажет болды (Материалы по истории, 1960: 394). Өйткені, соңғы аймақтар халқы дінге жақын, мұсылмандықты берік ұстанатын, діни қайраткерлердің ықпалы күшті өңірлер ретінде есептелді.

Осылайша, патшалық Ресей үкіметі біз қарастырып отырған Қазақстанның батыс аймағында XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап дін, руханият мәселесін бақылауға алуға тырысты. Қазақтарды татар молдасының ықпалынан ажыратуға күш салды. Өйткені, осы кезеңде қазақтар балаларын орыс-қазақ мектептеріне бермей, татар молдаларына беріп, сауаттандыруды тоқтатпады. Ал XIX ғасырдың соңына қарай жоғары діни білім алған қазақ діни қайраткерлерінің саны едәуір артты. Оның үстіне, жоғарыдағы заң-жарлықтарға қарамастан, әрбір қазақ ауылындағы молдалардың қызметіне ешкім тыйым сала алмады. Орталықтан шалғай аудандарда

қазақтың діни қайраткерлері бұрынғысынша қазақ қоғамын ұйыту, рухани-ағартушылық қызметін кеңестік билік орныққанға дейін жалғастыра берді.

Патшалық Ресей үкіметінің XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап жүргізген саяси реформаларының нәтижесінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы байлар институтына да үлкен соққы жасалды. Қазақта «бай» деп қисапсыз малы бар әрі ақыл-парасаты келіскен, текті адамды айтады. Қазақ байлары халқына тек байлығымен ғана емес, ақыл-парасатымен, жомарттығымен сыйлы болды. Өйткені олар бай мен кедей арасындағы тепе-теңдікті сақтап, қоластындағы халықтың әл-ауқаты мен хал-жағдайының жақсы болуын бақылауда ұстаған.

Осы байлар институты XIX ғасыр бойы үлкен өзгерістерге ұшырады. Патшалық Ресей үкіметі қазақ жерін әскери отарлап, оның жерлерін тартып алған сайын және қазақ байының шаруашылық жүргізу мүмкіндіктерін шектеген сайын үйір-үйір жылқысы бар қазақ байларының саны азайды. Отарлық саясат дендеп, тереңдеген сайын қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүргізу жүйесі бұзылды. Малының саны қысқарып, дәулеті ортайған қазақ байлары күйзеліске түсті. Бір сөзбен айтқанда, XIX ғасырдың басындағы қазақ байы мен XIX ғасырдың аяғындағы қазақ байының материалдық жағдайын салыстырмауға келмейтін еді. Мал дәулеттің ортаюымен байдың қоғамдағы мүмкіндіктері шектеліп, ықпалының да азайғандығы түсінікті жағдай.

Осылайша, патшалық Ресей үкіметімен XIX ғасырдың екінші жартысында жүзеге асырылған саяси-әкімшілік реформалардың нәтижесінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарға үлкен өзгерістер жасалды. Осы уақытқа дейін патша әкімшілігіне қызмет етіп, ерекше артықшылықтарға ие болған сұлтандар сословиесінің құқықтары шектелді. Олар тіпті құқықтық жағынан «село тұрғындарына» жатқызылды. Сұлтандар бұдан былай лауазымдық

қызметке сайланғысы келсе, басқа қазақтармен бірдей негізде сайлауға қатысуы тиіс болды.

Сонымен, жоғарыда біз келтірген жергілікті элитаға жатқан тұлғалар, оның ішінде, патша үкіметінің заң-жарлықтарымен сайланатын болыстардың, ауыл старшындарының, билердің, болыстық молдалардың, қазақ қоғамының діндегі болған байлардың әлеуметтік болмысы біз қарастырып отырған XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығында қаншалықты өзгеріске ұшырады, осы жергілікті элитаның трансформациясы қалай жүрді деген сұрақтарға жауап іздеп көрсек.

XIX ғасырдың екінші жартысында патшалық Ресей үкіметі жүргізген әкімшілік-саяси реформалардың қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесіне үлкен өзгерістер алып келді. Реформалардың нәтижесінде өлкеде мемлекеттік-бюрократиялық қатынастарға негізделген жергілікті басқару жүйесі енгізілді. Осы жүйеге сәйкес жоғарыда атап өткендей, болыс басқарушысы, ауыл старшыны, халықтық сот және болыс молдасы деген жаңа лауазымдар пайда болды. Жалпы алғанда бұл өзгерістер қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарын, ондағы әлеуметтік топтардың ықпалын азайтуға, олардың өзара байланысын бұзуға бағытталды.

Дегенмен, басты тіршілік көзі – малға меншік қатынасын сақтап қалған жергілікті элита өкілдері қоғамдағы өзінің саяси-әлеуметтік позицияларын ұстап қалды. Елдің болыстарға, болыстардың ауылдарға бөлініп, жеке әкімшілік бірліктер құрылғанымен, олар қазақ қоғамының ұйымдасу қағидаттарына, ондағы әлеуметтік қатынастарға түбегейлі нұқсан келтірмеді. Сондықтан билер, байлар, діни қайраткерлер, ауыл ақсақалдары қоғамның бірлігін сақтау, халықтың әл-ауқатын көтеру бағытындағы істерін жалғастырып, халыққа қызмет ете берді.

Әкімшілік реформалардың оңды әсері ретінде жергілікті деңгейде қазақ қоғамының бірігуі, нығаюы, сәйкесінше орталықтану үрдістерінің жүргендігін атап өткен жөн. Әкімшілік жағынан бір аймақтың нақты аумағы айқындалған болысқа, олардың ауылдарға бөлінуі бытыраңқылықтың жойылып, сол болыс немесе ауыл шеңберінде қоғамдық-саяси мәселелерді тез арада әрі тиімді шешуге мүмкіндік берді. Сол арқылы қазақ қоғамының жұмысын қамтамасыз етіп отырған әлеуметтік-экономикалық механизмдер тоқтаусыз жұмыс істеді.

Көшпелі қазақ қоғамының осындай дамуын қамтамасыз етуші аталған жергілікті элита өкілдері қарастырылып отырған кезең аралығында айтарлықтай трансформацияланудан өтті. Болыс басқарушылары отарлық әкімшілікке тәуелді болуына қарамастан, өз болысының аясында маңызды әлеуметтік-экономикалық және саяси қызмет атқарды. Болыстардың қолындағы билігін пайдалана отырып, өз руының түйткілді саяси және экономикалық мәселелерін шешуге ұмтылғандығы туралы деректерді көптеп келтіруге болады.

Сондай халқына қалтқысыз қызмет еткен болыстардың бірі – Ахметкерей Қосуақов болды. Ахметкерей Қосуақов 1857 жылы сол кездегі Торғай облысы Ақтөбе уезінің Елек-Батпақты өңірінде дүниеге келген. Орынбор қаласында біліп алып, 3 кластық гимназияны бітірген. Халық арасында өте беделді әрі сауатты адам болды.

Ахметкерей Қосуақов 1895 жылы Бестамақ болысына болыс басқарушысы ретінде сайланып, 15 жылдай болыс болған. Ол қазіргі Алға ауданына қарасты Қарағаш (Қарағаш ауылдық округі, Самбай ауылы) деген жерде болыстық мектеп ашып, оған ұстаз ретінде Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген Ахмет Байтұрсынұлын шақыртады. Ахаң осында бір-бір жарым ай ұстаздық еткен деген дерек халық жадында сақталған.

1911-1913 жылдары Батпақты болысының болыс басқарушысы ретінде

қызмет атқарады. Ахметкерей Қосуақов халықты ағарту ісінен қаржы аямаған. Меткеп пен мешіт салдыруға өзі де мол қаржы берген, беделінің арқасында осы іске халықты да жұмылдыра білген. Халық аузында Ахметкерей болыстың жазда жарлы-жақыбайларға сауынға сиыр беріп, мінуге ат беріп, күзде олардың төлдерін қалдырып, тек басын ғана қайтарып алатындығы туралы деректер сақталған. Оның осындай қамқорлығы туралы халық жадында «мырза болса правитель Ахметкерейдей болсын» деген сөз қалған.

Ахметкерей Қосуақов өңірдегі саяси қызметке белсенді араласты. Ол Алаш қозғалысы көсемдерімен тығыз байланыста болған, саяси көзқарасы алашордашылардың саяси ұстанымымен бір болды. 1917 жылы 2-8 сәуірде Торғай облыстық съезіне қатысқан. 1917 жылдың желтоқсан айында өткен II жалпықазақ съезіне арнайы шақырылған кісілердің бірі болды. Алашорда өкіметіне дауыс берген топта болған. Кеңес билігі орнаған соң 1918-1920 жылдары Земское басқармасының тілмашы ретінде қызмет атқарады. Ал 1920 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Ақтөбе қаласында Ақтөбе уездік атқару комитетінің әділет бөлімінде бітімгер сот лауазымын абыроймен атқарған (Алға ауданына жасалған экспедиция материалдары).

Осындай халық арасында беделі бар болыстарды патша үкіметі де қолдап отырды. Олар лауазымды тұлға ретінде патша үкіметі өткізген ресми шараларға қатысты. Мәселен, жоғарыда аталған болыс Ахметкерей Қосуақов 1912 жылы 30-мамырда Торғай облысының қазақ делегациясының құрамында Мәскеуде өткен император III Александрге ескерткіш ашу шарасына қатысады (Султанғалиева, 2005: 29). Сол сияқты Ахметкерей Қосуақов (Алға ауданына жасалған экспедиция материалдары), Кенжеғара болысының болысы болған Самұрат (Шахмұрат) Алматов 1913 жылы Романовтар әулетінің үш жылдық мерейтойына қатысып, марапаттарға ие болған деген дерек бар.

Шөмекей руының Кенжеғара болысын басқарған Самұрат Алматов та өте беделді әрі сауатты адам болған. Ол Ырғыз уезі бастығының кіші көмекшісі қызметін де атқарған. Болыс басқарушылығынан кеткеннен кейін бітімгерлік сот қызметін үш жыл атқарған, одан басқа да лауазымды қызметтерде болды. Өз қаражатына орыс-мұсылмандық мектеп, бірнеше мешіттер тұрғызған. Өзі отырған жерге үлкен алма бағын соғып, ол «Самұраттың алма бағы» деген атаумен халық жадында сақталған (Ырғыз ауданына жасалған экспедиция материалдары). Самұрат Алматовтың әкесі Алмат Тобабергенов те патша үкіметіне қызмет еткен шенеунік, болыс болды. Екі бауыры Төремұрат пен Махан да осы Кенжеғара болысына болыс басқарушысы ретінде сайланған.

Болыс басқарушысы ретінде төре тұқымының да өкілдері сайланды. Ал XIX ғасырдың 80-90 жылдары болыс басқарушысы ретінде болыстыққа кандидат немесе ауыл старшыны қызметтерін атқарған тұлғаларды сайлау үрдісі байқалды.

Әдетте болыс басқарушылары бірнеше мерзімге қатарынан сайланып отырды. Ол бір жағынан халықтың сенімі мен қолдауы арқылы болса керек. Тарихшы-ғалым Г.С.Сұлтанғалиева бір әулеттен бірнеше ұрпақ болыс болған Беркімбаевтар әулеті жөнінде қызықты деректер келтіреді. Беркімбаевтар әулеті Ақтөбе уезінің Аралтөбе болысын жалпы жиыны 50 жылға жуық (1869-1917 жж.) басқарған.

Болыстардың ұзақ жылдар ел басқарып, лауазымдарын балаларына беруге тырысуынан Торғай облысында болыс басқарушыларының бірнеше әулеттері қалыптасты. Мысалы, олар Ақтөбе уезіндегі Кейкиндер (Бөрте болысы), Нысановтар (Бөрілі болысы), Беркімбаевтар (Аралтөбе болысы), Нұрмұхамедовтер (1-ші Бөрте болысы).

Уақыт өте патша өкіметі тарапынан болыс басқарушыларына қойылатын талаптар күшейтіле бастады. Бұрын болыс басқарушысы ретінде орысша білім алмаған

қазақтар да сайлана алса, XIX ғасырдың соңынан бастап жағдай өзгерді. 1897 жылы 17-қаңтарда Торғай облысының әскери губернаторы Я.Барабаш жарлық шығарып, ендігі жерде болыс басқарушылары мен ауыл старшындары лауазымдарына үміткерлер міндетті түрде орыс тілін білуі тиіс болды. Әскери губернатордың пікірінше ондағы мақсат болыстардың іс жүргізушілерге тәуелділікке түсуінің алдын алу. Болыс басқарушыларының орыс тілін білмеуі олардың қызметіне «айтарлықтай нұқсан» келтіреді деп есептеді (Институт волостных, 2018: 29-31).

Болыс басқарушысы өзінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес болыс аумағында болып жатқан барлық оқиғаларға жауапты болды және олардан толық хабардар болып отырды. Болыстардың орталықпен тез байланыс жасауы да ескерілді. Сондықтан да олардың қоныстанған жері уезд орталығына айтарлықтай жақын болды. Мысалы, жоғарыда айтқан Бестамақ болысының болыс басқарушысы Ахметкерей Қосуақовтың ордасы Ақтөбе қаласынан 35 верст қашықтықта, Байбақты өзенінің жағасындағы №4 ауылында орналасты. Ал Қаратоғай болысының болыс басқарушысы Кенжегүл Көшкімбаевтың ордасы уездік қаладан 35 верст, Қаратоғай темір жол станциясынан 40 верст қашықтықта Тәңірберген өзені бойындағы №4 ауылда орналасты (Институт волостных, 2018: 27-28).

Болыс басқарушылары өз қызметінде жоғары сатыдағы билік өкілдерімен, бірінші кезекте, уезд бастықтарымен қарым-қатынаста қиындықтарға ұшырап отырды. Ол қиындықтар уезд бастықтарының қазақ халқының тілін, ділін, мәдениетін және тұрмыстық ерекшеліктерін білмеуімен байланысты болды. Соған орай қазақ болыстарының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған көптеген бастамалары аяқсыз қалып отырды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына дейінгі аралықта отаршыл үкімет болыс басқарушыларының қызметінің тиімділігін арттыруды көздеген және әрі

екінші жағынан оларға деген бақылауды күшейтуге бағытталған бірқатар іс-шаралар қабылдады. Соның бірі қазақ болыстарына жоғарыда айтқан орыс тілін білуді міндеттеу талабының қойылуы болды. Ал 1902 жылы патша үкіметі Орал және Торғай облыстарында болыстар мен ауыл старшындарын шаруа бастықтарының бақылауына беретін заңды енгізді. Осы кезеңнен бастап қазақ болыстары мен шаруа бастықтарының арасында күрделі қарым-қатынастар басталды. Шаруа бастықтары өз қызметінде дәл осы жергілікті элита өкілдерінің, яғни болыстардың, билердің, ауыл старшындарының ықпалын шектеп, өзіне бағынышты етуге тырысты. Шаруа бастықтарының өзіне қарасты аумақтағы халыққа көрсеткен озбырлығы аз болмады. Олардың қазақ қоғамындағы басты қарсыластары осы қазақ болыстары болды.

Сонымен қазақ болыстары біраз трансформациялық үдерістерден өтіп, XX ғасырдың басында қазақ қоғамының төлтума лауазымдық өкіліне айналды. Осы кезеңде қазақ болысы жергілікті қазақ қоғамындағы басты саяси тұлға болды. Жергілікті жердегі қоғамдық-саяси ахуал және шаруашылықтық өмір тікелей болыстың қызметіне байланысты өрбіді. Олардың қызметі, күнделікті тарихының мысалдары қазақ ақындарының шығармашылығында жақсы беріледі. Ондағы болыс қызметін жағымсыз жағынан суреттеу бірінші кезекте сайлау кезінде орын алатын саяси тартыстарға байланысты болды. Қазақ ақындары болыстардың халыққа жасаған игі істерін, жанашырлығы мен жомарттығын да шебер суреттеген. Ол деректер болыстар қызметінің шынайы табиғатын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ болыстары кеңес үкіметі орнағанға дейін халыққа қызмет етті.

Билер институтына келсек, олардың көшпелі қазақ қоғамындағы қызметі уақыт өте өзгеріске ұшырады. 1868 жылғы «Уақытша ереже» бойынша билер сайланбалы болғанмен, олардың қоғамдық-саяси мәртебесі бірден құлдырады деп айта алмаймыз. Оның үстіне «Уақытша ереже»

бойынша қазақтар сайланбалы билерден басқа да билерге жүгіне алғандығын жоғарыда айтқанбыз. Дегенмен, патша үкіметі XIX ғасыр бойы көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі билер сотын бірте-бірте әлсіретіп, таратуға тырысты. Отарлық әкімшілік ықпалды билерді қазақ жеріне империялық басқару тәртібін енгізу жолындағы басты кедергі ретінде көрді. Билер мен билер сотының ықпалын төмендету мақсатында орыс заңдарымен іс жүргізетін соттар, бітімгерлік сот дегендер енгізілді.

Соған қарамастан қазақтардың жекелеген жағдайларда дәстүрлі билер сотына жүгіну жағдайлары кеңес үкіметінің орнауына дейін сақталды. Тіпті, қазақ даласына қоныс аударып келген қарашекпенділердің өзі орыстың сотына сенімсіздік танытып, қазақтың билер сотына жүгініп отырған. Ол туралы деректер жетерлік.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Қазақстанның батыс аймағында аузы дуалы, әділдікті ту өткен билер аз болмады. Солардың бірі әрі бірегейі «Кіші жүздің кенже биі» атанған Былшық би Сейітұлы. Былшық би тек ғана өз руының аумағында емес, бүкіл Кіші жүзге аты шыққан беделді би болды. Оның:

«Атымды «Былшық би» деп халқым қойған

Паш еттім жоғары мен төменге де.

Тыңдаттым сөзімді мен найзағайдай,

Жетіру, Әлім менен Шөменге де»

(Айталы, 2015: 19) – деуі, осыны айғақтаса керек.

Былшық би Сейітұлының өмірі патша заманы мен кеңес заманының 20-30 жылдарымен тұспа-тұс келді. Осы аралықта ол патша үкіметінің отарлық саясатын, кеңес үкіметінің қазақ шаруаларына шабуылын көзімен көрді, ол шаралардың мәнісін түсінді, қазаққа келер салдарын да бағамдай білді. Осы жағдайда Былшық бидің қол қусырып отырмағандығы түсінікті. Халық жадында оның қазақ-орыс қатынастарын реттеуге араласқандығы, Петерборға сан

мәрте барып қазаққа қатысты түйіткілді мәселелерді шешуге атсалысқандығы туралы деректер молынан сақталған.

Кеңес дәуірінің әкімшіл-әміршіл жүйесі мұндай адамдарды тегін қалдырмады. Үстінен домалақ арыз жаздырып, 1928 жылы НКВД органдары Былшық би Сейітұлын тұтқындайды. Биді Ақтөбенің 5-ші түрмесінде қамауда ұстады. Бір қызығы Былшық бидің үстінен ешқандай қылмыстық іс қозғалмаған. Соған қарамастан бес жыл қамауда болып, 1933 жылы қылтамақтан қайтыс болады. Міне, қазақ даласында әділдігімен қара қылды қақ жарған осындай кемеңгер билер көптеп өтті.

Көшпелі қазақ қоғамында жергілікті элитаның ерекше ықпалды өкілі – діни қайраткерлердің болғандығын жоғарыда айтқанбыз. Қазақ молдалары, ишандары, ахундары және т.б. діни қайраткерлері қоғамның рухани дінгегі болды. Діни қайраткерлер тек ғана рухани, ағартушылық қызметпен айналысып қоймады. Олар өлкеде болып жатқан барлық саяси-экономикалық жаңалықтарды қалт жібермеді, оларға өзіндік баға беріп отырды, қиын-қыстау кезеңде елді бастады.

Патша үкіметі қазақ қоғамындағы осы діни қайраткерлердің ерекше ықпалын түсініп, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан олардың қызметіне түрлі кедергілер жасай бастады. Діни қайраткерлердің қызметін жан-жақты бақылауға алуға тырысты. Сондықтан да әр болысқа бір сайланбалы молда дегенді ойлап тапты. Соған қарамастан қазақ молдасы кеңес үкіметі орнағанға дейін қоғамда өзінің рөлі мен болмысын сақтап қалды. Кеңес үкіметінің солақай саясатына қарсы халық көтерілістерінің басы-қасында ұйымдастырушы ретінде осы діни қайраткерлер тұрды.

Жоғарыда атап өткендей, патша үкіметінің де, кеңес билігінің де отарлық саясатына қарсылық қозғалысының бел ортасында осы дін өкілдері жүрді. Мәселен, 1905 жылы Орал және Торғай облыстарының бір топ билері, діни қайраткерлері «Жерге

орналастыру басқармасына» орыс шаруаларын (қара шекпенділерді) қазақ даласына жаппай қоныстандыруды тоқтату мәселесін көтеріп петиция жолдайды. Петицияға қол қойғандардың бірі Орал облысы Темір уезіне қарасты Доңызтау-Аққолқа болысының 9 ауыл молдасы Жұмағали Ербатыров болды (ҚР ОМА. 25 қ. 1 т. 2218 іс. Жерге орналастыру басқармасына жолданған петиция, 222-224 пп.). Бұл петицияда Орал, Торғай облыстарының қазақтары жалпы алғанда жер мәселесін, дін бостандығы мәселесін көтереді.

Жоғарыда жергілікті элита өкілдері ретінде келтіріліп отырған болыстар, ауыл старшындары, билер және молдалар негізінен алғанда кедей адамдар болмады. Олардың ақыл-парасатын, қоғамдағы билік-беделін осы материалдық байлықтары қамтамасыз етті. Қазақ байлары осыны жақсы түсінді. Байлар өз руының жағдайын жасай отырып, жалпы қоғамның тепе-теңдігін ұстап тұрды. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына дейін қазақ байлары осы болмысын жоғалтпады. Байлар қоғамды және шаруашылықты ілгерілетуде жетекші күш болды. Жоғарыда қызметіне талдау жасаған болыстарға, билерге, ақсақалдарға, дін өкілдеріне, басқа да игі-жақсыларға дем беріп, олардың идеяларының жүзеге асуына қолдау көрсетуші осы байлар болатын. ХІХ ғасырдың ортасына қарай қазақ даласында көшпелі салтты ұстанып, малдың санын көбейту арқылы байыған байлармен қатар, сауда ісінің дамуымен малмен ірі сауда жасап, ебін тауып табысын еселеген байлардың жаңа тобы пайда болды.

Көріп отырғанымыздай, қазақ байлары ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында кәсіпкерліктің де дамуына өз үлестерін қосып, қазіргі тілмен айтқанда құрылтайшы, меценат, кредитор рөлін атқарған. Тілек білдірген, икемі бар қазақтарды сауда-саттық ісіне баулып, өз білгендерін үйретуге дайын болды. Сондай байлардың қатарында Ақтөбе аймағының Ырғыз өңірінен шыққан Қуан Әленұлы болды. Қуан Әленұлының да жәрмеңкелік



сауданың қалыптасуымен малмен ірі айырбас сауда жасап, өз ісін дөңгелетіп, халыққа, елдік істерге қамқорлық жасағандығы жергілікті халықтың жадында сақталған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресей үкіметінің отарлық қанаушылығы күшейіп, шұрайлы жайылымдық жерлердің қара шекпенділер есебіне тартып алынып, қазақ шаруашылықтарының байлығы ортайған тұста негізгі материалдық ауыртпалықтар осы қазақ байларына түсті. Қазақ байлары ел арасында мектеп, мешіт салу, мәдениетті қолдау шараларын қаржыландырды. Қазақ зияларының да газет-журналдарын шығаруға қаржылай көмек беріп, демеушілік жасап отырды. Жалпы қазақ байлары Алаш зияларының идеяларына жан-жақты қолдау көрсетті. Олар Алаш қозғалысының бұқара арасында кең таралуына септігін тигізді, I және II жалпықазақ съездерін ұйымдастыруға атсалысты. Кейін Алаш автономиясы құрылып, оның органдары мен жасағын құру кезінде де қазақ байлары қаржылай, материалдық игіліктер түрінде (көш-көлік, жем-шөп, т.б.) көмектер бергендігі тарихтан белгілі. Кейін осы әрекеттерін кеңес үкіметі байлардың өзіне айып етіп тақты. Тәркілеу, ұжымдастыру нәтижесінде қазақ байларының мал-мүлкіне шабуыл жасалып, олар ерекше әлеуметтік топ ретінде жойылды.

## Қорытынды

Зерттеуімізді түйіндеп келе бірқатар қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, жергілікті қазақ элитасы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының негізгі діңгегін құрады. Ықпалды болыстар, билер, діни қайраткерлер, байлар, ауыл ақсақалдары өзара байланыса әрекет жасап, халықтың түйіткілді мәселелерін шешуді жалғастырды;

Екіншіден, жаңа реформа негізінде бекітілген болыс басқарушылары да уақыт өте қазақ қоғамымен қабылданып, саяси-қоғамдық өмірдегі басты лауазымды тұлғаға айналды;

Үшіншіден, жергілікті қазақ элита өкілдері аталған кезеңде әлеуметтік мәртебесі мен саяси ықпалдылығы жағынан трансформацияға ұшырады. Патша үкіметі сайланбалы лауазымдар, түрлі шектеулер енгізу арқылы қазақ билерінің, байларының, дін өкілдерінің, басқа да игі-жақсыларының беделі мен халық арасындағы қызметін шектеуге тырысты. Кеңес үкіметінің орнауымен қазақ халқы мен элита өкілдерінің мал-мүлкіне шабуыл жасалып, олардың қоғамдағы беделі мен мәртебесіне соққы жасалды.

## Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БҒМ) гранты негізіндегі №АР09259029 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру аясында жазылды.

## Әдебиеттер тізімі

- Абенова Б.С. Ресей империясының Орынбор өлкесіндегі аймақтық саясаты (1868-1891 жылдар). Монография / Б.С. Абенова. – Ақтөбе, 2010. – 306 б.
- Айталы А.Ә. Былшық бидің бітім билігі // Былшық би және дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институты: өңірлік конференция материалдары. – Ақтөбе, 2015. – Б. 13-19.
- Дәрменұлы А. Алға ауданына жасалған экспедиция материалдары.
- Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында / Е. Бекмаханов. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.

- Бекназаров Р.А. Ислам и религиозные деятели XIX в.: на примере Досжан-ишана // Клио. – 2019. – №10. – С. 145-150.
- Бекназаров Р.А. Религиозные деятели и мечети XIX – начала XX вв.: исследование на материалах Актюбинской области // Отан тарихы. – 2018. – №3. – Б. 21-29.
- Султангалиева Г.С., Далаева Т.Т., Удербаяева С.К., Маликов Б. Волости и волостные управители XIX – начало XX вв. Сб. документов и материалов / Султангалиева Г.С., Далаева Т.Т., Удербаяева С.К., Маликов Б. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 284 с.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 томах. Том 4. / Ч.Ч.Валиханов. – Алма-Ата, 1984. – 461 с.
- Вяткин М. Батыр Срым. – Алматы, Санат, 1998. – 344 с.
- Далаева Т.Т. Волостные управители в Казахских степях Западно-Сибирского ведомства: особенности утверждения их в должности в XIX-начале XX вв. // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2015. – №3. – С. 30-37.
- Далаева Т.Т. Волостные съезды в Степном крае (кон. XIX – нач. XX вв.): практика проведения, участники и основные решения // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2016. – №3. – С. 32-40.
- Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – 296 с.
- Султангалиева Г.С., Далаева Т.Т., Маликов Б.У., Тулешова У. Институт волостных в системе управления Казахской степью (XIX – начало XX вв.): монография в документах / Г.С. Султангалиева, Т.Т. Далаева, Б.У. Маликов, У. Тулешова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 396 с.
- Исенов Ө.И. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы байлар институты [Электрон. ресурс]. – 2022. – URL: <https://articlekz.com/kk/article/28724> (қаралған күні: 15.04.2022).
- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). Қ.25. Т.1. Іс 2218.
- Маликов Б. Қазақ даласында болыстық жүйенің құрылуы: Ақтөбе және Қазалы уездерінің материалдары бойынша салыстырмалы талдау // Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш және Мәңгілік Ел»: халықаралық конференция материалдары. – Алматы, Қазақстан, 2017. – Б. 172-176.
- Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. – Алма-Ата, 1960. – 441 с.
- Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества / Н.Э. Масанов. – Алматы, 1995. – 320 с.
- Султангалиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917) / Г.С. Султангалиева. – Актөбе, 2005. – 264 с.
- Мырзабайұлы Б. Ырғыз ауданына жасалған экспедиция материалдары.

**Гульбану Б. Избасарова, Асылбек Т. Маден**

*Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актөбе, Казахстан*

**Казахская региональная элита второй половины XIX-начала XX в. и ее трансформация  
(по материалам Актюбинского региона)**

**Аннотация.** В статье рассматривается общественно-политическая деятельность казахской региональной элиты второй половины XIX - начала XX века и ее трансформация. В результате административно-политических реформ 1860-1890-х годов на территории казахов Оренбургского ведомства было введено новое административное деление, согласно которому на основе местного самоуправления были введены такие должностные лица, как волостной управитель, аульные старшины. В статье анализируются функциональные обязанности волостного управителя и аульных старшин введенные в «Положении».

Авторы на основе положений 60-90-х годов XIX века рассматривают также введение служб народного суда, волостного муллы, изучая влияние этих изменений на социальные отношения в казахском обществе, деятельность и статус участвующих в нем биев и религиозных деятелей. Также в статье отдельно анализируется трансформация института байства на данном этапе.

В состав казахской региональной элиты второй половины XIX века, кроме волостных и аульных старшин, входили бии, служившие народными судьями, волостные муллы, баи, аксакалы и другие влиятельные лица. Это были личности, обладающие авторитетом и влиянием в обществе. Со временем волостные управители и аульные старшины стали неотъемлемой частью социальной структуры казахского общества. В рассматриваемый нами период деятельность представителей данной региональной элиты в обществе претерпели значительные изменения. Изучению данных трансформационных процессов посвящена наша статья.

В заключении работы сделаны следующие предварительные выводы, касающиеся трансформации казахской региональной элиты: 1. Казахская региональная элита составила основу казахского общества второй половины XIX – начала XX века. Влиятельные волостные, бии, религиозные деятели, баи, аксакалы продолжали взаимодействовать и решать насущные проблемы народа; 2. Волостные управители, утвержденные на основе новой реформы, со временем были интегрированы в казахское общество и стали главными должностными лицами в общественно-политической жизни; 3. Представители региональной казахской элиты в указанный период подверглись трансформации по социальному статусу и политическому влиянию. Российское правительство стремилось ограничить авторитет и деятельность казахских биев, баев, духовенства, других влиятельных людей путем введения выборных должностей и различных ограничений. С установлением советской власти начались репрессивные меры по отношению представителей казахского народа и элиты, нанесен урон по их авторитету и статусу в обществе.

**Ключевые слова:** реформа; элита; султан; волостной; старшина; бай; би; ишан; хазрет; мулла; трансформация.

**Gulbanu B. Izbassarova, Assylbek T. Maden**

*K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan*

### **The local kazakh elite in the second half of the XIX century and the beginning of the XX century and its transformation (on the basis of the materials of Aktobe region)**

**Abstract.** The article examines the socio-political activity of the Kazakh regional elite of the second half of the XIX - early XX century and its transformation. As a result of the administrative and political reforms of the 1860s-1890s, a new administrative division was introduced on the territory of the Kazakhs of the Orenburg department, according to which officials such as the volost administrator and village elders were introduced based on local self-government. The article

analyzes the functional responsibilities of the volost administrator and village elders introduced in the «Regulations».

Based on the provisions of the 60-90s of the nineteenth century, the authors also consider the introduction of the services of the people's court, the volost mullah, studying the impact of these changes on social relations in Kazakh society, the activities and status of biys and religious figures participating in it. Also, the article separately analyzes the transformation of the institution of the bai at this stage.

The composition of the Kazakh regional elite of the second half of the 19th century, in addition to volost and aul elders, included biys who served as people's judges, volost mullahs, bais, aksakals and other influential people. These were individuals with authority and influence in society. Over time, volost governors and aul elders became an integral part of the social structure of Kazakh society. During the period we are considering, the activities of representatives of this regional elite in society have undergone significant changes. Our article is devoted to the study of these transformational processes.

At the end of the work, the following preliminary conclusions were drawn regarding the transformation of the Kazakh regional elite: 1. The Kazakh regional elite formed the basis of Kazakh society in the second half of the 19th - early 20th centuries. Influential volosts, biys, religious figures, bais, aksakals continued to interact and solve the pressing problems of the people; 2. Volost governors, approved on the basis of the new reform, were eventually integrated into Kazakh society and became the main officials in public and political life; 3. Representatives of the regional Kazakh elite during this period underwent a transformation in social status and political influence. The Russian government strive to limit the authority and activities of the Kazakh biys, bais, clergy, and other influential people by introducing elected positions and various restrictions. With the establishment of Soviet power, repressive measures began against representatives of the Kazakh people and the elite, damage was done to their authority and status in society.

**Keywords:** reform; elite; sultan; volost; elders; bai; bi; ishan; khazret; mullah; transformation.

## References

- Abenova B.S. Resej imperiyasynyn Orynbor olkesindegi ajmaktyk sayasaty (1868-1891 zhyldar). Monografiya [Regional Policy of the Russian Empire in the Orenburg Region (1868-1891). Monograph]. (Aktobe, 2010, 306 p.), [in Kazakh].
- Ajtaly A.A. Bylshyk bidin bitim biligi, Bylshyk bi zhane dastyrli kazak kogamyndagy biler instituty: onirlik konferenciya materialdary [Bilshyk bi's peacemaking power, Institute of Bilshyk bi and dances in traditional Kazakh society: materials of the regional conference]. Aktobe, Kazakstan, 2015. P. 13-19, [in Kazakh].
- Darmenyly A. Alga audanyyna zhasalghan ekspediciya materialdary [Materials of the expedition to the alginsky district], [in Kazakh].
- Bekmahanov E. Kazakstan XIX gasyrdyn 20-40-zhyldarynda [Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century], (Sanat, Almaty, 1994, 416 p.), [in Kazakh].
- Beknazarov R.A. Islam i religioznye deyateli XIX v.: na primere Doszhan-ishana, Klio [Islam and religious figures of the nineteenth century: on the example of Doszhan-ishana, Clio]. 2019. No. 10. P. 145-150, [in Russian].
- Beknazarov R.A. Reliigioznye deyateli i mecheti XIX – nachala XX vv.: issledovanie na materialah Aktyubinskoj oblasti, Otan tarihy [Religious figures and mosques of the XIX – early XX centuries: a study on the materials of the Aktobe region, Otan tarikhy]. 2018. No.3. P. 21-29, [in Russian].

Sultangalieva G.S., Dalaeva T.T., Uderbaeva S.K., Malikov B. Volosti i volostnye upraviteli XIX – nachalo XX vv. Sb. dokumentov i materialov [Volosts and volost administrators of the XIX – early XX centuries. Collection of documents and materials], («Kazak universiteti», Almaty, 2018, 284 p.), [in Russian].

Valihanov Ch.Ch. Sobranie sochinenij: v 5 tomah. Tom 4. [Collected works: in 5 volumes. Volume 4.], (Alma-Ata, 1984, 461 p.), [in Russian].

Vyatkin M. Batyr Syrym, (Sanat, Almaty, 1998, 344 p.), [in Russian].

Dalaeva T.T. Volostnye upraviteli v Kazahskih stepyah Zapadno-Sibirskogo vedomstva: osobennosti utverzhdeniya ih v dolzhnosti v XIX-nachale XX vv., Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya «Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki» [Volost administrators in the Kazakh steppes of the West Siberian department: features of their confirmation in office in the XIX-early XX centuries. // Bulletin of KazNPU im. Abaya. Series "Historical and socio-political sciences"]. 2015. No. 3. P. 30-37, [in Russian].

Dalaeva T.T. Volostnye s"ezdy v Stepnom krae (kon. XIX – nach. XX vv.): praktika provedeniya, uchastniki i osnovnye resheniya, Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya «Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki» [Volost congresses in the Steppe Region (kon. XIX – beginning. XX century): the practice of conducting, participants and main decision, Bulletin of KazNPU named after. Abaya. Series "Historical and socio-political sciences"]. 2016. No. 3. P. 32-40, [in Russian].

Zimanov S.Z. Obshchestvennyj stroj kazahov pervoj poloviny XIX v. [The social system of the Kazakhs of the first half of the XIX century ], (Izd-vo AN KazSSR, Alma-Ata, 1958, 296 p.), [in Russian].

Sultangalieva G.S., Dalaeva T.T., Malikov B.U., Tuleshova U. Institut volostnyh v sisteme upravleniya Kazahskoj step'yu (XIX – nachalo XX vv.): monografiya v dokumentah [Volost Institute in the management system of the Kazakh steppe (XIX – early XX centuries): monograph in documents], («Kazak universiteti», Almaty, 2018, 396 p.), [in Russian].

Isenov O.I. Dastyrlı kazak kogamyndagy bajlar instituty [Institute of the rich in traditional Kazakh society], Available at: <https://articlekz.com/kk/article/28724>, [in Kazakh]. (accessed 15.04.2022).

Kazakstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (KR OMA) [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.25. T.1. Is 2218, [in Kazakh].

Malikov B. Kazak dalasynda bolystyk zhyjenin kyrylyuy: Aktobe zhane Kazaly uezderinin materialdary bojnsha salystyrmaly taldau, Kazakstannyn zhana zhahandyk zhangyruy: «Alash zhane Mangilik El»: halykaralyk konferenciya materialdary [Formation of the volost system in the Kazakh steppe: comparative analysis based on the materials of Aktobe and Kazalinsky uyezds, new global modernization of Kazakhstan:" Alash Zhane Mangilik El": materials of the International Conference], Almaty. 2017. P. 172-176, [in Kazakh].

Materialy po istorii politicheskogo stroya Kazahstana [Materials on the history of the political system of Kazakhstan]. (Alma-Ata, 1960, Vol.1, 441 p.), [in Russian].

Masanov N.E. Kochevaya civilizaciya kazahov: osnovy zhiznedeyatel'nosti nomadnogo obshchestva [Nomadic civilization of Kazakhs: fundamentals of nomadic society], (Almaty, 1995, 320 p.), [in Russian].

Sultangalieva G.S. Istoriya Aktyubinskogo uezda (1869-1917) [The history of Aktobe county (1869-1917)], (Aktobe, 2005, 264 p.), [in Russian].

Myrzabajly B. Yrgyz audanyna zhasalgan ekspediciya materialdary [Materials of the expedition to Irgiz district], [in Kazakh].

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Избасарова Гульбану Болатовна* – т.ғ.д., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Ақтөбе, Қазақстан.

*Мәден Асылбек Төреханұлы* – т.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, Ақтөбе, Қазақстан.

*Izbasarova Gulbanu Bolatovna* – Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of History and Religious Studies, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

*Maden Assylbek Torekhanuly* – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History and Religious Studies, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.